

Сандықтау ауданы бойынша 2013 жылы субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 сәуірдегі № А-4/123 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 17 мамырда № 3742 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасына сәйкес, "А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 212 қорытындысы негізінде Сандықтау ауданы әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Сандықтау ауданы бойынша 2013 жылы субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға с ә й к е с а й қ ы н д а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.С.Омаровқа ж ү к т е л с і н .

3. Аудан әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сандықтау ауданының әкімі

Қ.Сүйіндіков

С а н д ы қ т а у

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 5

с ә у і р д е г і

№

А - 4 / 1 2 3

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Сандықтау ауданы бойынша 2013 жылы субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№ р/р	Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері	Субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімдері
1	Орташа кеш жаздық бидай	17 мамырдан 25 мамырға дейін	26 мамырға дейін
2	Орташа піскен жаздық бидай	17 мамырдан 27 мамырға дейін	28 мамырға дейін
3	Орташа ерте жаздық бидай	20 мамырдан 30 мамырға дейін	31 мамырға дейін
4	Жаздық арпа	29 мамырдан 7 маусымға дейін	8 маусымға дейін
5	Сұлы	27 мамырдан 3 маусымға дейін	4 маусымға дейін
6	Қарақұмық	25 мамырдан 4 маусымға дейін	5 маусымға дейін
7	Асбұршақ	17 мамырдан 25 мамырға дейін	26 мамырға дейін
8	Нұт	17 мамырдан 22 мамырға дейін	23 мамырға дейін
9	Жасымық	17 мамырдан 26 мамырға дейін	27 мамырға дейін
10	Рапс	17 мамырдан 25 мамырға дейін	26 мамырға дейін
11	Күнбағыс майлы тұқымға	17 мамырдан 25 мамырға дейін	26 мамырға дейін
12	Майлы зығыр	18 мамырдан 28 мамырға дейін	29 мамырға дейін
13	Бір жылдық шөптер	17 мамырдан 5 маусымға дейін	6 маусымға дейін
14	Судан шөбі	20 мамырдан 25 мамырға дейін	26 мамырға дейін
15	Көп жылдық дәнді және ағымдағы жылдың бұршақты шөптері	17 мамырға 27 мамырға дейін	28 мамырға дейін
16	Жүгері сүрлемге	17 мамырдан 27 мамырға дейін	28 мамырға дейін
17	Картоп	20 мамырдан 28 мамырға дейін	29 мамырға дейін
18	Көкөністер	17 мамырдан 15 маусымға дейін	16 маусымға дейін